



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ІБИ: іскерлік белсенділік барлық секторда жақсарды


2024 жылдың тамыз айындағы іскерлік белсенділік туралы
Қазақстан Ұлттық Банкі АКС департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Астана қ.

2024 жыл, 4 қыркүйек

2024 жылдың тамыз айында **іскерлік белсенділік** жақсара түсті. Көрсеткіш жетінші ай қатарынан оң аймақта қалып отыр.

Оң динамика барлық секторда бар. Тау-кен өнеркәсібінде жаңа тапсырыстар көлемінің артуы есебінен индекс **52,2** құрап (шілдеде – 49,8), өсу аймағына өтуімен айтарлықтай жақсарды. Басқа секторларда да өткен аймен салыстырғанда көрсеткіштің аздап өскені атап өтілді. Өндірісте индекс **51,8**-ге дейін (шілдедегі 51,7-ден), қызмет көрсету секторында **51,1**-ге дейін (51,0-ден), құрылыста **50,6**-ға дейін (50,4-тен) көтерілді.



Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/қызметіне сұраныс артып келеді, алайда, өсу қарқыны біршама баяулады. Респонденттер бизнесті қорғау мәселесіне теріс баға берді, қалған факторлар (салық жүктемесі, инфрақұрылым және қаржы/несиеге қолжетімділік) бейтарап бағаланды.

Бизнес-ахуал индексі (БАИ) 2024 жылғы тамызда айтарлықтай өзгерген жоқ. Қазіргі бизнес ахуалды бағалау көрсеткіші төмендеді, бірақ келешекке қатысты оптимизм жақсарды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу аймағында** қалды, қазіргі және келешек жағдайлар оң бағаланды.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz